

## Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2011 жылғы 14 қыркүйектегі № 258 шешімі. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 4 қазанда № 9-7-142 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2013 жылғы 2 қазандағы № 106 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 02.10.2013 № 106 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу" Мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, Әуликөл аудандық мәслихаты

**ШЕШТІ:**

1. Әлеуметтік көмек:

1) барлық санаттағы мүгедектерге, табыстарын есепке алмай, нақты шығындар бойынша жедел емделуге, бір жолғы, 50 айлық есептік көрсеткіштен көп емес;

2) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен (бұдан әрі – ең төменгі күнкөріс деңгейі) төмен табыстары бар, отбасылардың тұлғаларына, тұрмыстық қажеттіліктерге, бір жолғы, 7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) табысы аз отбасылардың тұлғаларына кәмелетке толмаған балаларын жерлеуге, бір жолғы, 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар, отбасылардың тұлғаларына, қайтыс болған туыстарын жерлеуге, егер қайтыс болған күні "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті орган) жұмыссыз ретінде тіркелген болса, бір жолғы, 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан

соғысындағы Жеңіс күніне орай, бір жолғы, 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар үшін Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай, бір жолғы, 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға, табыстарын есепке алмай, қосымша тамақтануға, бір жолғы, 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) білім беру ұйымдарында оқуды төлеуге бағытталған, мемлекеттік бюджеттен өзге төлемдерді алушылар, мемлекеттік білім беру гранттарының иелері болып табылатын тұлғаларды есептемегенде, өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың жастарына, техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімді алуға байланысты білім беру ұйымдарына нақты шығындар бойынша шығындарды өтеуге;

9) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрмыстық қажеттіліктерге, ай сайын 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

10) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, сондай-ақ, соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына, тұрмыстық қажеттіліктерге, ай сайын, 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

11) мүгедектерге, шипажай немесе оңалту орталықтарына жол жүрумен байланысты шығындарды өтеу үшін, бір жолғы, нақты шығындар бойынша көрсетілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 14.02.2013 № 65; 19.04.2013 № 76 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

2. "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес

а н ы қ т а л с ы н .

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

О н ж е т і н ш і с е с с и я н ы ң  
т ө р а ғ а с ы Д. Қойшыбаев

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
х а т ш ы с ы А. Бондаренко

КЕЛІСІЛДІ:

"Әуликөл ауданының жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы  
Оспанов С.А.

М ә с л и х а т т ы ң

2011 жылғы 14 қыркүйектегі

№ 258 шешіміне

қосымша

**"Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі**

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 14.02.2013 № 65; 19.04.2013 № 76 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

1. М і н д е т т і қ ұ ж а т т а р :

- 1) әлеуметтік көмекке өтініш жасаған тұтынушының өтініші;
- 2) алушының жеке басын куәландыратын құжат, ал кәметке толмаған алушылар үшін – туу туралы куәлік;
- 3) алынып тасталды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 14.02.2013 № 65 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен;
- 4) алушының тұратын жері бойынша тіркеуді растайтын құжат;
- 5) алушының банктік шоты бар болуын растайтын құжат;
- 6) алушының заңды өкілі өтініш жасаған кезде, жеке басын куәландыратын құжат, және заңды өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат қоса беріледі.

2. Қ о с ы м ш а қ ұ ж а т т а р :

- 1) барлық санаттағы мүгедектерге, табыстарын есепке алмай, нақты

шығындар бойынша жедел емделуге:  
алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;  
емделу шығындарын растайтын құжат;

2) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың тұлғаларына, тұрмыстық қажеттіліктерге:  
өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға тұлғаның (отбасының)  
табыстары туралы мәліметтер;

3) табысы аз отбасылардың тұлғаларына кәмелетке толмаған балаларын  
жерлеуге:  
өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға, тұлғаның (отбасының)  
табыстары туралы мәліметтер;  
қайтыс болуы туралы куәлік;

4) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар, отбасылардың тұлғалары үшін, қайтыс болған туыстарын жерлеуге, егер қайтыс болған күні жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген болса:  
өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға, тұлғаның (отбасының)  
табыстары туралы мәліметтер;  
қайтыс болуы туралы куәлік;  
туыстық қатынастарды растайтын құжат;

5) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында Жеңіс күніне орай:  
егер аталған азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

6) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар үшін Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай- егер аталған азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының мәртебесін растайтын құжат;

7) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға, табыстарын есепке алмай, қосымша тамақтануға:

емделуде болғанын растайтын, тиісті медициналық ұйымнан анықтама;

8) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың жастары үшін, техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімді алуға байланысты білім беру ұйымдарына нақты шығындар бойынша шығындарды өтеуге:

өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға алушының (отбасының) табыстары туралы мәліметтер;

тиісті оқу орнымен берілген, оқу жылына оқу төлемінің мөлшері мен оқу орнын растайтын құжат;

оқу төлемін растайтын құжат;

9) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері үшін тұрмыстық қажеттіліктерге:

егер аталған азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

10) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалар, сондай-ақ, соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттары үшін, тұрмыстық қажеттіліктерге:

егер аталған азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

11) мүгедектерге шипажай немесе оңалту орталықтарына жол жүрумен байланысты нақты шығындар бойынша шығындарды өтеу үшін: алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат; мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді; шипажай-курорттық картасынан немесе медициналық картасынан үзінді; жол жүру билеттері (тұратын мекен-жайынан баратын жеріне және кері).

3. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқа мен көшірмелерде ұсынылады, содан соң құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге өтініш берген күні қайтарылады.

4. Осы шешімнің 1-тармағының 4) тармақшасымен көзделген жағдайда, жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті орган жұмыссыз ретінде тіркелгендігін тексереді.